

берілуі керек. Өтініш хатқа диссертациялық кеңестің жеке құрамының мүшелері (бұдан әрі - кеңес құрамы) туралы мәліметтер және бұйрықтың жобасы қоса т і г і л е д і .

Диссертациялық кеңес диссертацияларды сараптаудың сапасы мен әділдігіне, сондай-ақ қабылданған шешімдердің негізділігіне жауап береді және аттестаттау кезіндегі талапшылдықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.

Ғалымның диссертациялық кеңес жұмысына қатысуы оның ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің маңызды бөлігі болып табылады және ерікті түрде төлемақысыз орындалады.

Диссертациялық кеңестерді құруға ғылыми жұртшылықтың белсенді қатысуы мақсатында оларды ашу, ондағы мамандықтар және құрамы жөніндегі мәселелер факультеттердің, жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының, ұйымдардың ғылыми (техникалық) кеңестерінің мәжілістерінде талқылануы керек.

Диссертациялық кеңес құрамына ұсынылған кандидатуралар бойынша ғылыми кеңестің дауыс беруін өткізу керек. Біріккен диссертациялық кеңестің құрамы бойынша дауыс беру қызметкерлері диссертациялық кеңес құрамына кандидаттар болып табылатын ұйымдарда өткізіледі.

Ұйым (базалық ұйым) басшысы құрылатын диссертациялық кеңес құрамына сайланған кандидаттардың жиналысын өткізеді, онда жасырын дауыс беру жолымен жай көпшілік, бірақ диссертациялық кеңестің тізімдік құрамының жартысынан кем емес дауыспен диссертациялық кеңестің төрағасы мен төрағасының орынбасары сайланады.

Диссертациялық кеңестің төрағасы болып кеңес құрылып отырған ұйымда жұмыс істейтін, белсенді ғылыми қызмет атқарушы, кеңес профилі бойынша (автореферат бойынша) маман - ғылым докторы тағайындалады. Диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде өзге диссертациялық кеңестің төрағасы немесе орынбасары тағайындалмайды. Кеңестің ғалым хатшысы болып кеңес құрылып отырған ұйымда жұмыс істейтін, кеңес профилі бойынша (автореферат бойынша) маман тағайындалады.

Ұйым басшысы диссертациялық кеңес мүшелерімен бірдей дауыс беруге қатысады.

Ғылыми (техникалық) кеңестердің мәжілістерінің хаттамалары мен диссертациялық кеңестің төрағасы мен төрағасының орынбасарының кандидатуралары бойынша жасырын дауыс берудің нәтижелері диссертациялық кеңес ашу жөніндегі өтініш хаттың міндетті қосымшасы болып табылады.

2. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестің құрамына тек ғылым докторлары енгізіледі. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестер ғылым

кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғауды өткізуге де құқылы. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің құрамына ғылым докторлары мен кандидаттары кіреді, бұл ретте ғылым докторларының жалпы саны кеңес құрамының жартысынан кем болмауға тиісті.

3. Мемлекеттік үлгідегі ғылым докторы дипломы бар ТМД-нің басқа мемлекеттерінің жетекші мамандары, халықаралық келісімдерге сәйкес, кеңес құрамына қайта аттестаттаусыз енгізіле алады.

4. ЖАК кеңеске әдетте екі, ал көп дегенде үш мамандық бойынша диссертация қорғатуға құқық бере алады.

5. Кеңес құрамы мынандай талаптарға сай болуы қажет:

1) кеңес құрамына авторефераттары, еңбектері бойынша (кеңестің әр мамандығы бойынша үштен көп емес) және жапсарлас мамандықтар бойынша (кеңестің әр мамандығы бойынша үштен көп емес) мамандар енгізіледі;

2) ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғалатын кеңестің құрамында әрбір ғылым саласының әр мамандығы бойынша кем дегенде бес ғылым докторы, оның ішінде ең кемі үшеуі автореферат бойынша б о л у ы қ а ж е т ;

3) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғалатын кеңестің құрамында әрбір ғылым саласының әр мамандығы бойынша кем дегенде бес маман, оның ішінде кем дегенде үш ғылым докторы, олардың ең кемі екеуі автореферат бойынша болуы қажет;

4) жапсарлас мамандықтар бойынша кеңес құрамына мамандар бір шифрдағы мамандықтардан, бірақ өзге ғылым саласынан немесе бір ғылым саласының бір топтағы мамандықтарының басқа шифрынан енгізіледі;

5) кеңес құрамындағы ЖАК қызметкерлерінің, төралқасы мен сараптау кеңесі мүшелерінің саны (жалпы алғанда) үштен аспауға тиіс, оның үстіне олар кеңес төрағасы немесе төрағаның орынбасары болып тағайындала алмайды;

6) кеңес құрамындағы сол мамандық бойынша басқа диссертациялық кеңестердің құрамына енетін ғылым докторларының саны екеуден аспауы тиіс;

7) маманды кеңес құрамына енгізу үшін оның жазбаша келісімі қажет, әр маман көп дегенде екі кеңестің құрамына мүше бола алады;

8) кеңес құрамына диссертация қорғауға құқық берілген әрбір ғылым саласының әрбір мамандығы бойынша басқа ұйымдардан, бірақ құрамының үштен бірінен аспайтын мөлшерде, мамандар енгізілуі мүмкін;

9) ЖАК қызметкерлері, ЖАК төралқасы мен сараптау кеңесінің мүшелері тек бір ғана диссертациялық кеңестің құрамына кіре алады;

10) кеңес мүшелерінің саны он екіден кем, жиырма төрттен артық болмауға т и і с .

6. Кейбір жағдайларда ғылым мен техника дамуының басым бағыттары бойынша жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен аттестаттау үшін бір ұйымның базасында біріккен кеңестер құрылуы м ү м к і н .

Біріккен диссертациялық кеңестер сұраныс туғызып отырған мамандықтар бойынша белсенді ғылыми зерттеу жүргізіліп жатқан бірнеше ұйымдардың ғалымдарының қатысуымен құрылады.

Біріккен диссертациялық кеңес базалық ұйым орналасқан қаладағы басқа ұйымдардағы кеңестерде жоқ мамандықтар бойынша құрылады.

Біріккен кеңес құрушы ұйымдар жалпы жауапкершілік пен оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі келісімге қол қояды, өздерінің атынан ЖАК өтініш жасайтын базалық ұйымды белгілейді.

Диссертациялық кеңестің ағымдағы қызметіне базалық ұйымның басшысы жауапты және оған диссертациялық кеңестің басшылығы есеп береді. ЖАК-қа жіберілетін аттестациялық істің құжаттарына базалық ұйымның тиісті мөрі б а с ы л а д ы .

Базалық ұйымның басшысы кеңес жұмысының үйлестірушісі қызметін атқарады және жылына кем дегенде бір рет біріккен диссертациялық кеңеске қатысушы ұйымдардың басшыларымен оның жұмысы туралы мәжіліс өткізіп т ұ р а д ы .

Біріккен кеңес құрамында кеңес құрылған базалық ұйымда қызмет істейтін, кеңестің әр саласының әр мамандығы бойынша (автореферат бойынша бір немесе одан да көп) ғылым докторлары болуға тиіс.

Кеңес құрамы осы Ереженің талаптарын қанағаттандыратын болуы керек.

ЖАК біріккен диссертациялық кеңеске ғылымның тиісті саласының бір немесе екі мамандығы бойынша диссертация қорғату құқығын бере алады. Кеңес құрамы он екіден кем, он алтыдан артық болмауы керек.

Біріккен диссертациялық кеңесті құруға өтініш білдірген ұйым кеңес қызметіне, сондай-ақ кеңестің басқа қаладағы мүшелерін оның жұмысына қатысу үшін шақыруға байланысты материалдық шығындарды өз мойнына алады. Кеңес құрамында басқа мемлекеттердің азаматтары болған жағдайда, мәжілістерде таралымы шектелген мәліметі жоқ диссертациялар қаралады.

7. Диссертациялық кеңеске мамандықтар түйісінде даярланған диссертацияның тиісті ғылым саласындағы біреуі бойынша қорғау өткізуге құқық берілген жағдайда бір жолғы қорғау өткізуді ұйымдастыруға болады. Бір жолғы диссертация қорғауды өткізу үшін ЖАК рұқсаты негізінде кеңес құрамына тиісті ғылым саласының кеңесте жоқ мамандығынан автореферат бойынша ғылым докторларының қажетті саны (докторлық диссертация үшін үш және кандидаттық үшін екі) енгізілуі керек. Кеңес төрағасы алдын ала ЖАК-қа

бір жолғы қорғау өткізуге рұқсат ету және кеңес құрамына қосымша мүшелерді енгізу туралы, қажетті мәліметтерді қоса тіге отырып, өтініш хат жібереді, одан тиісті рұқсатты алғаннан кейін толықтырылған құрамдағы диссертациялық кеңес мәжілісінде диссертацияны қорғауға қабылдауды өткізеді.

Бір жолғы докторлық диссертация қорғау тек докторлық диссертация қабылдау құқығы бар кеңестерде ғана өткізіледі.

8. Диссертациялық кеңес мәжілісі туралы ол құрылған ұйымның ұжымы мен ғылыми жұртшылық кеңінен құлақтандырылады.

Кеңес өзінің бүкіл қызметімен ізденушінің дайындаған диссертациясын қорғауына барынша қолайлы жағдай туғызуы керек. Ізденушіге өз диссертациясының қорғалуына қатысты кеңестегі барлық материалдармен танысуға, диссертациясының қорғалуын ұйымдастыруға байланысты барлық мәселелер бойынша кеңес басшыларының білікті көмегін алуға мүмкіндік беріледі.

Кеңестің тиісті ұйымдардан диссертацияның толық, жан-жақты әрі әділ қаралуына және дәлелді шешім шығарылуына қажетті материалдарды сұрауына құқығы бар.

9. Диссертациялық кеңестің бір мәжілісінде бір ғана диссертация қорғалады немесе бір қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) дайындалады.

Бір күн ішінде бір докторлық немесе екі кандидаттық диссертация қорғалуы мүмкін. Кеңестің бір айда бір докторлық, екі кандидаттық диссертация қорғатуға және бір қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) дайындауға құқығы бар.

10. Диссертациялардың қорғалу мерзімін тағайындағанда ізденушілердің диссертациясын қорғауға қабылдау туралы өтінішінің түсу кезегі сақталуы қажет.

Кезектен тыс қорғау құқығын диссертациясын өз уақытында, аспирантурада оқу аяқталғанға дейін, қорғауға өткізген аспиранттар пайдаланады.

11. Кеңес басшылары кеңес жұмысы туралы өз ұйымы мен ЖАК алдында есеп береді. Кеңес күнтізбелік жыл аяқталған соң бір ай мерзім ішінде атқарған жұмысы туралы есеп береді.

12. Егер кеңес мүшесі есепті жыл ішінде мәжілістердің жартысына және одан да көбіне қатыспаған болса, онда ол тиісті диссертациялық кеңес құрамынан мүшеліктен шығарылады.

13. Кеңестің осы Ереженің немесе Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің (бұдан әрі - Ережелер) талаптарын бұзуы кеңес басшылығын, кеңес мүшелерін өзгертуге, кеңес қызметін оның мерзімді өкілеттігінен ерте тоқтатуға немесе доғаруға негіз болып табылады.

2. Диссертацияның диссертациялық кеңесте алдын ала қаралуы

14. Кеңес Ережелердің 12-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген, қажетті құжаттары түгел диссертацияны алдын ала қарауға қабылдайды және өз мәжілісінде диссертация профилі бойынша маман-кеңес мүшелерінен (ең кемі үш адамнан) құрылған комиссияға диссертациямен және ғылыми жетекшісінің (кеңесшісінің) пікірімен танысуды тапсырады. Комиссия диссертацияның кеңеске диссертация қорғату құқығы берілген мамандықтар мен ғылым саласына сәйкестігі, автордың жариялаған еңбектеріндегі диссертация материалдарының баяндалу толықтығы (Ережелердің 13-тармағына сәйкес), ғылым мен практика үшін олардың маңыздылығы туралы қорытындының жобасын табыстайды, сондай-ақ қаралатын диссертация бойынша жетекші ұйым, ресми оппоненттер тағайындау туралы ұсыныс жасайды. Оның үстіне комиссия "Қызмет бабында пайдалану үшін" және "Күпия" грифтерін қоюдың, ғылыми жетекші тағайындаудың, ғылыми кеңесші тартудың, диссертацияның мамандықтар түйісінде ұсынылуының негізділігіне көңіл аударып бір жолғы қорғау өткізу үшін қосымша мүшелер енгізу жөнінде ұсыныс беруі қажет.

Диссертацияны мамандықтар түйісінде ұсынуға әр мамандық бойынша тиісті ғылыми үлесінің болуы негіз болады.

Докторлық диссертацияны қарау үстінде комиссия ізденушінің кандидаттық диссертациясының материалдары мен қорытындыларын қандай дәрежеде пайдаланғанын анықтауға тиіс.

Ізденушінің кандидаттық диссертацияда қорғауға ұсынған қағидалары мен нәтижелерін докторлық диссертацияда қайтадан қорғауға ұсынуына болмайды.

Егер диссертация кеңес құрылған ұйымда орындалмаған болса, ол диссертацияны осы жұмыстың бағыт-бағдарына сай келетін кафедраның (бөлімнің, лабораторияның, ғылыми семинардың) қосымша талқылауына жібереді .

Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғауға қабылдау мәселесі туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, аталған комиссия диссертация жөніндегі кеңес қорытындысының жобасын дайындайды, сонымен бірге жіктемелік белгілерін і р і к т е й д і .

Диссертациялардың кеңесте алдын ала қаралу мерзімі ізденушінің қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап кандидаттық диссертация үшін екі айдан, ал докторлық диссертация үшін үш айдан аспауы қажет.

15. Кеңес комиссия қорытындысының негізінде өзінің мәжілісінде диссертацияны қорғауға қабылдайды, ресми оппоненттер мен жетекші ұйымды тағайындайды, қорғайтын күнін белгілейді, автореферат тарататын қосымша тізімді айқындайды, авторефераттың қолжазба құқығында басылуына рұқсат б е р е д і .

Жетекші ретінде, ЖАК ұсынған тізімнің ішінен, қаралатын диссертация

тақырыбы бойынша белсенді ғылыми зерттеу жүргізіп отырған және онымен бір топқа жататын ғылым саласы мен мамандықтардың ғылым докторы қызмет ететін жоғары оқу орны, ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік және жобалау-конструкторлық ұйым таңдалады. Кандидаттық диссертациялар үшін ЖАК рұқсатымен тиісті мамандық пен ғылым саласы бойынша ғылым кандидаттары қызмет ететін ұйым белгіленуі мүмкін.

Диссертациялық кеңес мәжілісінің құқықтылығы Ережелердің 28-тармағының талаптарына сәйкес анықталады. Диссертацияны қорғауға қабылдау туралы кеңестің шешімі, мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігі жақтап дауыс берген жағдайда, қабылданған болып саналады.

16. Кеңес мына төмендегі жағдайлардың бірінде диссертацияны қорғауға қ а б ы л д а м а й д ы :

1) диссертацияның негізгі мазмұны диссертация қорғауға қабылдау құқығы берілген мамандықтардың және онымен байланысты ғылым саласының біреуінде с ә й к е с к е л м е г е н д е ;

2) диссертацияның негізгі нәтижелерінің жариялануының толықтығы туралы Ережелердің 13-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда;

3) ізденушінің жұмысының ғылым мен практика үшін құндылығы мен маңыздылығы туралы Ережелердің 12-тармағы орындалмағанда.

Бұл жағдайда ізденушіге, Ережелердің 15-тармағында белгіленген мерзімде, диссертацияның қорғауға қабылданбау себептері көрсетілген кеңес мәжілісінің хаттамасының көшірмесі беріліп, оның кеңеске тапсырған барлық материалдары қ а й т а р ы л ы п б е р і л е д і .

17. Алда болатын қорғау туралы хабарлама, мекен-жайы, қорғалатын күні және уақыты көрсетіліп, күні бұрын, қорғаудан кемінде бір ай бұрын, авторефераттарды тарату ЖАК бекіткен тізім мен кеңес бекіткен қосымша тізім б о й ы н ш а ж а с а л а д ы .

Докторлық диссертацияларды қорғауға қабылдаған кезде кеңес қорғауға дейін 2 айдан кешікпей ЖАК-қа ізденушінің аты-жөні, диссертацияның тақырыбы, ғылыми дәреже берілетін ғылым саласы, мамандықтың шифрі, диссертация қорғалатын кеңестің аты мен мекен-жайы, жетекші ұйымның аты, ресми оппоненттердің аты-жөні, қызмет орны көрсетілген хабарландыру жібереді. Хабарландыру мәтіні ізденушінің жеке ісіне тіркеледі. Қорғау хабарландыру жарияланғаннан кейін өткізіледі.

18. Жетекші ұйым мен ресми оппоненттер пікірлері кеңеске қорғаудан кемінде 10 күн бұрын берілуі керек.

19. Жетекші ұйым пікіріне диссертация талқылаудан өткен ұйым бөлімшесінің басшысы мен сол бөлімшенің қорытындының жобасын дайындаған ЖАК төралқасының, сараптау кеңесінің және диссертация қорғалатын кеңестің

мүшесі емес қызметкері, бір топтағы мамандықтардың ғылым докторы қол қояды, пікірді жетекші ұйым басшысы немесе оның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары бекітеді және ол ұйымның елтаңбалы мөрімен расталады.

20. Қорғаудың күні мен уақытын авторефератта көрсетілген уақыттан ертерек мезгілге ауыстыруға болмайды.

21. Кеңес мәжілісін дәлелді себептермен тағайындалған күні өткізу мүмкін болмаған жағдайда кеңес, ол туралы ЖАК-ты хабардар ете отырып, диссертация қорғаудың күнін біршама кешіктіріп тағайындауға құқылы.

22. Ресми оппоненттерді дәлелді себептермен ауыстыруды кеңес мәжілісінде қорғаудан кем дегенде он күн бұрын, ол туралы Қазақстан ЖАК-ты хабардар ете отырып жүргізуге болады.

3. Диссертацияның қорғалу кезіндегі диссертациялық кеңестің мәжілісін өткізу

23. Диссертацияның қорғалу кезінде кеңестің мәжілісі кеңес төрағасының, ол болмаған жағдайда, кеңес төрағасы орынбасарының басқаруымен өткізіледі және магнитті таспаға жазылады.

Кеңестің төрағасы (төрағаның орынбасары) диссертация қорғап отырған ізденушінің ғылыми жетекшісі (кеңесшісі) болған жағдайда кеңес мәжілісінде төрағалық міндет атқара алмайды. Егер кеңестің төрағасы және оның орынбасары көрсетілген міндеттерді атқара алмаса, кеңестің бұл мәжілісіне төрағалық етуге кеңестің мүшесі-кеңес қызмет істейтін ұйымның қызметкері тағайындалады. Оның тағайындалуы ұйым басшысының бұйрығымен ресімделеді. Ғалым хатшы болмаған немесе ол диссертация қорғап отырған ізденушінің ғылыми жетекшісі (кеңесшісі) болған жағдайда, оның міндеттері ұйым басшысының бұйрығымен мерзімі (көп дегенде екі ай) көрсетіліп кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі. Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмай қалған жағдайда диссертациялық кеңестің мәжілісі өткізілмейді.

24. Диссертациялық кеңес мәжілісінің ашылуы алдында оның мүшелеріне бұрын құрылған комиссия Ережелердің 31-тармағына сәйкес даярлаған қорытындының жобасы таратылып беріледі.

Диссертациялық кеңес мәжілісін ашарда төраға келу парағы мен оппоненттердің қатысуының негізінде кеңес мүшелеріне мәжілістің құқықтылығы жайында хабарлама жасайды (Ережелердің 28-тармағы). Кеңес мүшелерінің, ресми оппоненттердің кеңеске қатысу, олардың мамандығы, ғылым саласы мен ғылыми дәрежесі мәжілістің стенограммасында көрсетілуі тиіс.

Кеңес мәжілісі ашылғанынан кейін төраға ізденушінің диссертация қорғайтыны туралы хабарлайды, диссертацияның атауын, ресми оппоненттерінің аты-жөнін, жетекші ұйымды атап өтіп және диссертацияның бірінші рет (

кайтадан) қорғалып отырғанын жариялайды. Сонан соң сөз ғалым хатшыға беріледі, ол ізденуші құжаттарының негізгі мазмұны мен олардың белгіленген талаптарға сәйкестігі жайында қысқаша баяндайды.

25. Ізденуші диссертацияның басты мәні мен негізгі қағидаларын баяндап береді. Сонан соң ізденушіге ауызша немесе жазбаша түрде сұрақтар қойылады. Ізденушінің жауаптарынан кейін сөз ғылыми жетекшіге беріледі. Ол қатыса алмаған жағдайда оның пікірі оқылады. Диссертациялық жұмыс орындалған немесе ізденуші тіркелген ұйымның және кеңес жұмыс істейтін ұйымының қорытындысы, жетекші ұйымның пікірі, басқа да кеңеске келіп түскен диссертация мен автореферет туралы пікірлер жарияланады. Диссертация мен авторефератқа жіберілген оң пікірлер көп болған жағдайда, ғалым хатшы кеңес мүшелерінің келісімімен бұл пікірлерді толық оқудың орнына, оларды көрсетілген ескертпелерді атай отырып, шолу ғана жасайды. Теріс пікірлер т о л ы қ о қ ы л а д ы .

26. Пікірлер оқылып болған соң, ізденушіге пікірлерде көрсетілген ескертпелерге жауап беру үшін сөз беріледі.

27. Бұдан соң ресми оппонеттер өз пікірлерін оқиды. Ресми оппонент өзі дайындаған пікірінің объективтілігі мен сапасы үшін жауап береді. Бұл талап орындалмаған жағдайда ЖАК ресми оппонетті бұдан былай кадрларды аттесттауға қатысу құқығынан айыруы мүмкін. Оппонеттердің сөзінен кейін ізденуші жауап қайтару үшін сөз алады. Ізденушінің тілегі бойынша әрбір оппонеттің сөзінен кейін жауап беру үшін оған сөз берілуі мүмкін. Бұдан кейінгі пікірсайысқа қорғауға қатысушылардың бәрінің қатысуға құқығы бар. Пікірсайыс аяқталған соң ізденушіге қорытынды сөз беріледі.

28. Ізденушінің қорытынды сөзінен кейін кеңес осы Ереженің 4-бөлімінде белгіленген тәртіп бойынша ғылыми дәреже беру жөніндегі мәселені жасырын дауысқа салады. Ғылыми дәреже беру мәселесі жөніндегі кеңестің шешімі, оған кеңестің мәжіліске қатысқан мүшелерінің ең кемі үштен екісі жақтап дауыс бергенде, қабылданған болып есептеледі.

29. Есеп комиссиясының хаттамасы бекітілген соң кеңес қорытындысының жобасы талқыланады. Ғылыми дәреже беру туралы оң шешілген жағдайда, қорытындының жобасында ізденушінің өзі қол жеткізген ең маңызды ғылыми нәтижелері, оның дұрыстығы мен жаңалығына берілген баға, теориялық және практикалық маңызы, диссертациялық зерттеудің нәтижелерін пайдалану жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ диссертацияның Ережелердің 10 немесе 11 - тармағының қандай талаптарына сай бағаланғаны көрсетіледі. Ғылыми дәрежелер беру туралы мәселе теріс шешілген жағдайда қорытынды қабылданбайды. Жіктемелік белгілері көрсетілген қорытындының мәтіні ашық дауысқа салынып, мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің

дауыс беруімен қабылданғаннан соң ізденушіге жарияланады. Осымен кеңес мәжілісі аяқталды деп есептеледі.

30. Егер диссертацияны диссертациялық кеңес мәжілісінде талқылау кезінде елеулі сыни пікірлер айтылмай, бірақ дауыс беру нәтижесі теріс болып шықса, ЖАК кеңестің одан арғы қызметі туралы мәселені қарау жөнінде Білім және ғылым Министрлігіне ұсыныс дайындайды.

31. Кеңес диссертацияның қорғалған күнінен бастап бір ай мерзім ішінде ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық ісі құжаттарының бірінші даналарын, тіркеуі-есептік карточкасы мен құжаттар тізімімен бірге ЖАК-қа жібереді. Бұл белгіленген тәртіптің орындалуына кеңестің ғалым хатшысы тікелей жауапты. Диссертацияның екінші данасы түптелмеген күйде авторефератпен және диссертацияның есеп карточкасының екі данасымен бірге қорғаудан кейін бір апта ішінде микрофильмдеу және мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат, ғылыми-зерттеу институтына (ҚазмемҒАҒЗИ) жіберіледі. Ғылыми дәреже беру жөніндегі аттестациялық іс құжаттарының екінші данасы диссертациялық кеңесте он жыл бойы, ал магнитті таспасы диссертациялық кеңестің шешімін немесе өтінішін ЖАК бекіткенге дейін сақталады.

32. Дауыс беру қорытындысы бойынша кеңестің шешімі теріс болған жағдайда, кеңес диссертация қорғалған күннен бастап бір ай мерзім ішінде ЖАК-қа ұйым бланкісіне жазылған, кеңес төрағасының қолы қойылған жолдама хат, оған қоса қабылданбаған диссертацияның есептік карточкасының 2 данасын, сондай-ақ автореферат пен кеңестің төрағасы мен ғалым хатшысының қолы қойылған кеңес мәжілісінің стенограммасын жібереді.

Ізденушіге дипломының көшірмесі, кандидаттық емтихандарды тапсырғандығы туралы куәлігі, кадрларды есепке алу жеке парағы, диссертация орындалған немесе ізденуші тіркелген ұйымның қорытындысы, ғылыми еңбектердің көшірме нұсқалары (оттискілері) және диссертациясы қайтарылып беріледі, ал диссертацияның бір данасы кітапхана қорынан қайтарылып алынып, авторефераттармен бірге диссертациялық кеңеске жіберіледі, онда ол он жыл бойы сақталады.

Диссертацияға, авторефератқа келіп түскен пікірлер, мәжілістің стенограммасы және дауыс беру шешімі кеңесте қалдырылады және олардың көшірмесі диссертация қайта қорғалатын жердің сұрауымен жіберілуі мүмкін.

33. Ізденуші өз диссертациясын мәжіліс басталғанға дейін жазбаша түрде берген өтініші бойынша талқылаудан қайтарып алуға құқылы. Ізденуші диссертациясын талқылаудан қайтарып беру жайында диссертациялық кеңеске жазбаша түрде өтініш берген жағдайда, кеңестің төрағасы кеңесте қалдырылатын өтініштен, диссертация мен авторефераттың бір даналарынан басқа

құжаттарының бәрін ізденушіге қайтарып беруге нұсқау береді. Диссертацияны карау кезінде дайындалған құжаттар кеңесте қалдырылады және олар диссертация қайта қорғалатын жердің сұрауымен жіберілуі мүмкін. Егер кеңес ізденушінің біреудің еңбегін оның авторы мен алынған дерегіне сілтеме жасамай пайдаланғанын анықтаса, онда кеңес диссертацияны талқылаудан алып тастауға құқылы. Бұл жағдайда ізденушінің диссертацияны талқылаудан қайтарып алу жөніндегі өтініші қабылданбайды, ал ЖАК-қа диссертацияның авторефератымен бірге кеңестің шешімі жіберіледі.

4. Жасырын дауысқа салу және есеп комиссиясының қызметі

34. Есеп комиссиясы (кемінде үш адам) жасырын дауыс беру алдында мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен с а й л а н а д ы .

35. Жасырын дауыс беруге мәжіліске қатысушы кеңес мүшелері ғана қатыса алады, ізденушінің қорытынды сөзінен кейін оларға есеп комиссиясы алдын ала даярланған бюллетеньдерді қолхат арқылы үлестіреді.

Дауыс беруші "Дауыс берудің нәтижесі" графасынан керексіз деп тапқанын сызып тастап, бюллетеньді мөрленген урнаға салады.

36. Есеп комиссиясының мүшелері урнаны ашып, бюллетеньдерді санайды және дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама толтырады.

Үлестірілмеген бюллетеньдер жасырын дауыс берудің алдында тиісті белгі қойылып, есеп комиссиясында қалдырылады және бұл жөнінде хаттамада көрсетіледі. Дауыс беруге қатысқан кеңес мүшесінің пікірін айқындауға мүмкіндік бермейтін бюллетеньдер жарамсыз деп саналып, бұл да есеп комиссиясының хаттамасында белгіленеді.

Дауыс берудің қорытындылары хаттамада ресімделгеннен кейін есеп комиссиясы барлық бюллетеньдерді конвертке салып желімдеп, өз хаттамасына т і р к е й д і .

37. Кеңес жасырын дауыс беруге қатысқан кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен есеп комиссиясының хаттамасын бекітеді.

Есеп комиссиясының хаттамасы бекітілмеген жағдайда кеңес мәжілісі жалғастырылады және жасырын дауыс беру қайта өткізіледі.

Есеп комиссиясының хаттамасын бекітпеу мәселесін диссертациялық кеңес тек диссертацияны қорғау барысында, жасырын дауыс беруде немесе есеп комиссиясының жұмысында тәртіп бұзушылық анықталған жағдайда ғана қарай алады.

5. ЖАК-қа қосымша қорытынды жасауға (ұжымдық пікірге) жіберілген диссертацияны қарайтын диссертациялық кеңестің мәжілісін өткізу

38. Аттестациялық іспен бірге қосымша қорытынды жасауға (ұжымдық пікірге) жіберілген диссертация кеңеске келіп түскен күннен бастап екі ай мерзім ішінде қаралуға тиіс. Кеңес диссертацияны қарамастан бұрын кеңес мүшелерінен тұратын комиссияға ізденушінің диссертациясымен танысып, аттестациялық іс құжаттарын қарауды, диссертация жөніндегі қорытындының жобасын әзірлеуді т а п с ы р а д ы .

Диссертациялық кеңестің мәжілісіне, комиссия қорытындысымен алдын ала танысуға құқығы бар ізденуші шақырылады. Егер шақыртылған ізденуші келуден бас тартса немесе мәжілісті өзінің қатысуынсыз-ақ өткізуді сұраса, кеңес өз мәжілісін оның қатысуынсыз өткізу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Диссертациялық кеңестің мәжілісіне ізденушінің оппоненттері, жетекші ұйымның өкілдері және қажет болған жағдайда кеңеске шақырылатын басқа адамдар да қатысуы мүмкін. Кеңес мүшелерінің қатысуы (олардың мамандықтары көрсетіліп) мәжіліс стенограммасында көрініс табуы қажет.

39. Төраға кеңес мәжілісін ашарда келу парағы бойынша кеңес мүшелеріне мәжілістің құқықтылығы туралы хабарлайды (Ережелердің 28-тармағы).

Кеңес мәжілісін ашқаннан кейін, төраға қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) жасауға жіберілген диссертацияны қарау жайында хабарлап, диссертацияның атауын, қорғалған диссертациялық кеңесін, ресми оппоненттерінің аты-жөндері мен жетекші ұйымды атап өтеді.

Бұдан кейін сөз ғалым хатшыға беріліп, ол ізденушінің аттестациялық ісіндегі құжаттардың негізгі мазмұнын қысқаша баяндайды.

40. Кеңес мәжілісіне ізденуші қатысып отырған жағдайда, оған диссертацияның негізгі қағидаларын баяндау және қойылған сұрақтарға жауап беру ү ш і н с ө з б е р і л е д і .

41. Талқылау диссертациямен және аттестациялық істің құжаттарымен танысу тапсырылған комиссия мүшелерінің бірінің сөзімен басталады. Бұдан кейін сөз сөйлеуге кеңес мәжілісіне қатысушылардың бәрі құқылы. Пікірсайыс аяқталған соң кеңес мәжілісіне қатысып отырған ізденушіге қорытынды сөз б е р і л е д і .

42. Пікірсайыс біткеннен кейін, кеңес осы Ереженің 4-бөлімінде көрсетілген тәртіппен, диссертацияның Ережелердің талаптарына сәйкестігі туралы мәселені жасырын дауысқа салады. Кеңестің шешімі, оған кеңестің мәжіліске қатысқан мүшелерінің ең кемі үштен екісі жақтап дауыс бергенде, қабылданған болып е с е п т е л е д і .

43. Есеп комиссиясының хаттамасын бекіткен соң, кеңес мәжіліске қатысқан мүшелердің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен қосымша қорытындының (ұжымдық пікірдің) мәтінін қабылдайды.

Қосымша қорытындының (ұжымдық пікірдің) мәтіні бекітілгеннен кейін

ізденушіге

хабарланады.

Осымен кеңес мәжілісі аяқталды деп есептеледі.

44. Диссертациялық кеңес төрағасы мен ғалым хатшы қол қойған мәжіліс стенограммасы және жасырын дауыс берудің нәтижелері көрсетілген қосымша қорытындының (ұжымдық пікірдің) мәтіні, ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық ісімен бірге үш апта ішінде Қазақстан ЖАК-ына жіберіледі.

6. Диссертациялық кеңестің ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру) туралы мәселелерді қарағандағы мәжілісін өткізу

45. Диссертациялық кеңес ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) жайлы мәселені қарауды ЖАК-тың тапсыруымен өткізеді.

46. Кеңеске Ережелердің 9-бөліміне сәйкес ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) жайлы мәселені қарауға негіз болатын материалдар түскен жағдайда, кеңес өз мүшелерінен құрылған комиссияға бір ай мерзім ішінде оның негізділігін тексеруді тапсырады. Қажет болған жағдайда кеңес қызмет жасайтын ұйымның әкімшілігі арқылы тиісті сұраныстар жасалады.

Комиссия тексерудің нәтижелері бойынша қорытынды жасап, оны кеңестің т а л қ ы л а у ы н а ұ с ы н а д ы .

47. Кеңес комиссия дайындаған материалдарды бір айдың ішінде қарауы тиіс.

48. Кеңес мәжілісі ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі қойылған адамның қатысуымен өткізіледі, ол мәжіліс болардан ең кемі 10 күн б ұ р ы н х а б а р д а р е т і л е д і .

Егер шақыртылған адам мәжіліске келуден бас тартса немесе оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, кеңес оның қатысуынсыз-ақ мәжіліс өткізу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

49. Төраға кеңестің мәжілісін ашарда кеңес мүшелеріне мәжілістің құқықтылығы туралы хабарлайды (Ережелердің 28-тармағы) және ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) жайлы мәселе қаралатынын жариялайды. Одан кейін комиссия құрамына кірген кеңес мүшесі баяндама жасайды. Оның сөзінен кейін, сөз ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі қойылған адамға беріледі, одан кейін сөз сөйлеуге кеңес мәжілісіне қатысушылардың бәрі қ ұ қ ы л ы .

50. Талқылаудан кейін кеңес осы Ереженің 4-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі бойынша жасырын да у ы с б е р у д і ө т к і з е д і .

Ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) туралы кеңес шешімі, оған кеңестің мәжіліске қатысқан мүшелерінің кем дегенде үштен екісі жақтап дауыс бергенде, қ а б ы л д а н д ы деп есептеледі.

Есеп комиссиясының хаттамасын бекіткеннен кейін кеңес жасырын дауыс берудің нәтижелерін ескере отырып, мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен, шешімнің мәтінін қабылдайды. Онда қарастырылған материалдардың мәні мен нәтижелері анық тұжырымдалған және ЖАК алдына ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) жөнінде өтініш қозғау үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытынды орын алуы тиіс.

51. Ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі қойылған адамға жасырын дауыс берудің нәтижелері мен кеңес шешімінің мәтіні хабарланады.

52. Егер кеңес ЖАК алдына ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) жөнінде өтініш жасау туралы шешім қабылдаса, үш аптаның ішінде ЖАК-қа кеңестің төрағасы мен ғалым хатшысының қолы қойылған кеңес мәжілісінің стенограммасы және жасырын дауыс берудің нәтижесі көрсетілген шешім мәтіні жіберіледі.

7. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ҚАРАЙТЫН МӘЖІЛІСІН ӨТКІЗУ

53. Кеңес шешіміне апелляция түскен жағдайда кеңес төрағасы кеңес мүшелерінен құрылған комиссияға қажетті материалдарды зерттеп, кеңестің апелляция жөніндегі қорытындысының жобасын дайындауды тапсырады.

Егер апелляция кеңестің ғылыми дәреже беру мәселесі туралы оң шешіміне берілсе, кеңес төрағасы бұл туралы бір апта ішінде ЖАК-ты хабардар етеді.

Апелляция кеңесте бір айдың ішінде қаралуға тиіс.

Кеңес мәжілісіне, 10 күн бұрын алдынала хабардар етіліп, кеңестің пікірінше онда қойылған мәселенің мән-мазмұнына тікелей қатысы бар апелляция авторы (авторлары), ізденуші және тағы басқа адамдар шақырылады. Егер апелляция авторы кеңес мәжілісіне дәлелді себептермен келмеген жағдайда кеңес мәжілісі кейінге қалдырылады. Егер апелляция авторы кеңес мәжілісіне дәлелсіз себептермен келмесе, мәжіліс оның қатысуынсыз өткізіледі.

Кеңес мүшелерінің қатысуы (олардың мамандықтары көрсетіліп) стенограммада жазылуы тиіс.

54. Кеңес төрағасы мәжілісті ашарда мәжілістің құқықтылығы туралы кеңес мүшелеріне хабарлайды (Ережелердің 28-тармағы).

Кеңес төрағасы мәжілісті ашқаннан кейін түскен апелляцияны қарау туралы хабарлайды және оны жария ету үшін ғалым хатшыға сөз береді. Одан кейін комиссия мүшесі оның жұмысының нәтижесін және апелляция жөніндегі кеңес қорытындысының жобасын баяндайды. Бұдан әрі кеңес мәжілісіне қатысушылардың бәрі сөз сөйлеуге құқылы.

55. Пікірсайыс біткеннен кейін, кеңес мәжілісіне қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен кеңес апелляция жөнінде қорытынды қабылдайды.

Кеңес төрағасы мен ғалым хатшысының қолы қойылып, дауыс берудің нәтижесі келтірілген кеңес стенограммасы мен апелляция жөніндегі кеңес қорытындысының мәтіні қаралған апелляциямен бірге мәжілістен кейін 10 күн ішінде ЖАК-қа, ал апелляция жөніндегі қорытындының мәтіні шағым авторына (авторларына) жіберіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК